

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 21 желтоқсан N 130-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат):

1) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері;"

9) тармақша "Ардақты ана" атағын алған" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне - 9,0 айлық есептік көрсеткіш;"

12) тармақша "Ардақты ана" атағын алған" деген сөздерден кейін ", I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңды

күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 158-құжат; 1995 ж., N 23, 143-құжат):

4-тармақтың екінші, үшінші және төртінші абзацтары алып тасталсын.

2-бап. 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге қатысты нормаларды қоспағанда, осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК